

ISSN 1563-0269; eISSN 2617-8893

Индекс 75871; 25871

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ

ХАБАРШЫ

Тарих сериясы

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

ВЕСТНИК

Серия историческая

AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

JOURNAL

of history

№2 (97)

Алматы
«Қазақ университеті»
2020



ХАБАРШЫ

ТАРИХ СЕРИЯСЫ № 2 (97) маусым



04. 05. 2017 ж. Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігінде тіркелген

Күнделік № 16495-Ж

Журнал жылына 4 рет жарыққа шығады
(наурыз, маусым, қыркүйек, желтоқсан)

ЖАУАПТЫ ХАТШЫ

Картаева Т.Е., профессор т.ғ.к. (Қазақстан)

Телефон: +727-377 33 38 (1288)

e-mail: tarihhabarshy@gmail.com

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Кәрібаев Б.Б., профессор, т.ғ.д. – ғылыми редактор
(Қазақстан)

Ногайбаева М.С., т.ғ.к., доцент – ғылыми редактордың орынбасары (Қазақстан)

Әлімғазинов Қ.Ш., т.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Сұлтанғалиева Г.С., т.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Омаров Ф.Қ., т.ғ.д., доцент (Қазақстан)

Омарбеков Т.О., т.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Жұмағұлов Қ.Т., т.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Қалыш А.Б., т.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Миша Майер – Эберхард Карл атындағы Тюбинген университеті Ежелгі тарих институты директоры, профессор (Германия)

Юлай Шамильоглу, Висконсин университетінің профессоры (АҚШ)

Уямо Томохико, Хоккайдо университеті славян-еуразиялық зерттеу оргалығының жетекші ғылыми кызметкері, профессор (Жапония)

Ожал Огуз, Түркия Республикасының ЮНЕСКО үлттық комиссиясының президенті, академик (Түркия)

Мехмет Шахингоз, Гази университеті, профессор (Түркия)

Гравье Аллез, элеуметтік ғылымдар институтының профессоры (Франция)

Тишкин А.А., Алтай мемлекеттік университетінің профессоры (Ресей)

Петер Финкель, Цюрих университетінің профессоры, Этнология институтының директоры, профессор (Швейцария)

ТЕХНИКАЛЫҚ ХАТШЫ

Дүйсенбекова Ж.Қ., оқытушы (Қазақстан)

Тарих сериясы Отан тарихы, Дүниежүзі тарихы, деректану, тарихнама, археология, этнология, түрік халықтарының тарихы, тарихи тұлғалар, мұражай ісі, мұрагаттану бағыттарын қамтиды.



Министерство образования и науки
Республики Казахстан
Официальный интернет-ресурс
Комитета по контролю в сфере
образования и науки



Ғылыми басылымдар болімінің басшысы

Гульмира Шаккозова

Телефон: +7 747 125 6790

E-mail: Gulmira.Shakkozova@kaznu.kz

Редакторлары:

Гульмира Бекбердиева

Агила Хасанқызы

Компьютерде беттеген

Айгүл Алдашева

ИБ № 13671

Пішімі 60x84 1/8, Қолемі 20,0 б.т. Тапсырыс № 9565.
Әл-Фараби атындағы Қазақ үлттық университетінің «Қазақ университеті» баспа үйі.

050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.
«Қазақ университеті» баспа үйінің баспаханасында басылды.

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2020

ТАРИХ СЕРИЯСЫ

СЕРИЯ ИСТОРИЧЕСКАЯ

JOURNAL OF HISTORY

A. Бейсегулова 

PhD докторанты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы к., e-mail: aika_n75@mail.ru

**XXI ФАСЫРДАҒЫ ЭТНИКАЛЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІ ЗЕРТТЕУДЕГІ
ЖАҢА ТЕОРИЯЛАР:
СЫРТҚЫ ЖӘНЕ ИШКІ БІРЕГЕЙЛІК ТЕОРИЯСЫ**

Мақала қазіргі күнгі өзекті тақырыптардың бірі этникалық бірегейлік мәселесінің кейір үғымдары мен концепцияларына арналған. Бұл үғымның негізі батыстық әлеуметтануышылары мен антрополог ғалымдарынан бастау алатындықтан солардың тұжырымдамаларымен қатар орыс және отандық ғалымдарының да еңбектеріне сараплау жасалды. Олар бірегейлік мәселесін әлеуметтік құрылым ретіндегі примордиализм, конструктивизм, инструментализм үш интерпретациялауға бөліп қарастыратын осы бағыттардың өкілдері П.И. Кушнер, С.А. Артюнов, Ю.В. Бромлей, Л.Н. Гумилев, В.И. Табаков, В.Д. Соловей, Н.Н. Целишев, Э. Смит, К. Гирц, К. Калхун, Б. Андерсон, Э. Геллер, Ф. Барт және В.А. Тишковтардың теорияларына тоқталып өтілді. Сонымен қатар, этникалық бірегейліктегі мәдени шекараларға түбегейлі жаңа серпін берген ғалым Ф. Барттың тұжырымдамалары сарапталған. Оның этникалық феноменді түсінудегі әртүрлі жолдарына этникалық белгілердегі мәдени айырмашылықтарды әлеуметтік үйімдастырудың нысаны және топтың өздері белгілейтін маңызы бар мәдени сипаттамалары туралы концепциясын қарастырған. Оның мәдени шекараның белгілі бір этникалық топқа жатқызылу екі түрлі шекарамен, яғни, ішкі шекара – әлеуметтену үрдісі арқылы болса, екіншісі, сыртқы шекара топаралық қатынастар негізінде қалыптасқаны туралы.

Түйін сөздер: этникалық бірегейлік, ішкі бірегейлік, сыртқы бірегейлік, мәдени шекара, этникалық топ.

A. Beysegulova

PhD Student of al-Farabi Kazakh National University,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: aika_n75@mail.ru

**New Theories in the Study of Ethnic Identity in the 21st Century:
a Theory of external and internal identity**

The article is devoted to some concepts and concepts of ethnic identity, which are one of the currently relevant topics. The article analyzes the study of both Western sociologists, anthropologists, as well as Russian and domestic scientists. The article analyzes the study of both Western sociologists, anthropologists, as well as Russian and domestic scientists. Theories of P.I. Kushner, S.A. Artyunov, Yu.V. Bromley, L.N. Gumilev, V.I. Tabakova, V.D. Solovey, N.N. Tselishev, E. Smith, K. Gierz, K. Kalhoun, B. Anderson, E. Gellner, F. Barth, V.A. Tishkov. They considered issues of identity as a social structure, dividing it into three interpretations – primordialism, constructivism and instrumentalism. In addition, the author analyzes the concepts of the scientist F. Barth, which gave a radical new impetus to the cultural borders of ethnic identity. The concept of cultural characteristics is considered, where in his understanding of various ways of ethnic phenomenon, cultural differences of the object of social organization in ethnic characteristics and groups themselves determine the value of cultural characteristics. He defined the belonging of cultural borders of a certain ethnic group by two different borders: first, the internal border-through the process of socialization, and second, the external border-on the basis of inter-group relations. F. Barth believed that ethnicity is a form of social organization of cultural differences, where the primary significance is those cultural characteristics that the group itself attaches a marking value.

Key words: ethnic identity, internal identity, external identity, cultural border, ethnic group.

А. Бейсегулова

PhD докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: aika_n75@mail.ru

Новые теории в изучении этнической идентичности в XXI веке: теория внешней и внутренней идентичности

Статья посвящена некоторым понятиям и концепциям этнической идентичности, являющейся актуальной темой в настоящее время. В статье дан анализ исследований как западных социологов, антропологов, так и русских и отечественных ученых. Рассмотрены теории П.И. Кушнера, С.А. Артюнова, Ю.В. Бромлея, Л.Н. Гумилева, В.И. Табакова, В.Д. Соловей, Н.Н. Целишева, Э. Смита, К. Гирца, К. Калхун Э. Смита, Б. Андерсона, Э. Геллнера, Ф. Барта, В.А. Тишкова, где они вопросы идентичности рассматривали как социальную структуру, разделив ее на три интерпретации – примордиализм, конструктивизм и инструментализм. Кроме того, проанализированы концепции ученого Ф. Барта, которые дали кардинально новый импульс культурным границам этнической идентичности. Рассматривается концепция о культурных характеристиках, где в его понимании различных путей этнического феномена, культурного различия объекта социальной организации в этнических признаках и группах сами определяющие значение культурных характеристик. Принадлежность культурных границ определенной этнической группы он определял двумя разными границами: внутренней границой – через процесс социализации, внешней границой – на основе межгрупповых отношений. Ф. Барт считал, что этничность – это форма социальной организации культурных отличий, где первичную значимость имеют те культурные характеристики, которым самой группой придается маркирующее значение.

Ключевые слова: этническая идентичность, внутренняя идентичность, внешняя идентичность, культурная граница, этническая группа.

Kіріспе

Этникалық бірегейлік күрделі құбылыс, яғни ұжымдық және жек тұлғаны анық білдіретін абстрактілі ұғым бола отырып, сана-сезім де-ген ұғымды білдіреді. Көшілігінде этникалық сана-сезім тарихи зерттеулерде көрініс тапса, этникалық бірегейлік әлеуметтанулық және психологиялық зерттеулерде көптеп қолданылады. Сонымен қатар, бір жақты қатып қалған тұжырымдардан тұрмайды. Ол барынша қарапайым және бейімді құбылыстардан құралады. Оған мәдени, саяси, әлеуметтік үрдістер кеңінен ықпал етеді. Қазіргі жаһандану кезеңінде этникалық бірегейліктің деңгейі әртүрлі сипат алуда. Этномәдени бірегейлікті зерттеу мәселелерін қарастыру, этникалық феноменді түсінудің әртүрлі жолдарын ашып береді. Этникалық және этномәдени бірегейлік жекелеген топтар арасында мәдени және этникалық сана тұрғысынан бірігүе алып келеді. Осы тұрғыда қазіргі қоғамдық ғылымдар, соның ішінде этнологияның негізгі өзекті мәселесіне этникалық бірегейлік үрдістердің айшықты үлгілерін зерттеу қажеттілігі туындалп отыр. Алайда, батыс ғалымдары бұл тақырыптарға XX ғасырдың алғашқы ширегінен бастап қалам тартқан болатын. Тіпті егер зерттеушілер осы құбылыстың тек бір немесе бірнеше аспектілерін теренірек зерделеуді қаласа, олар осы іріктелген

аспектілердің құбылыстың басқа аспектілеріне қалай жататынын логикалық түрде көрсеткен жөн. Теоретиктің мақсаты кем дегендे, осы құбылыстың әлеулі өлшеулерін атауга болатындарын және бағыттарын көрсету.

Мәселенің әдістемесі

Этникалық бірегейлікті зерттеуде қолданытын әдістер отандық және шетел ғалымдарының теориялық тұжырымдарына негізделеді. Тақырыптың нәтижесіне жету үшін жалпы ғылыми жинақтау, жүйелеу, салыстырмалы талдау сияқты әдістер арқылы жазылды. Сонымен қатар, этнология, этносоциология ғылымдарының эмпирикалық әдістер, салыстыру, анализ синтез, дедукция және сапалы және сандық, бақылау әдістері пайдаланылды. Этнология ғылымындағы бұл әдістер көтеріліп отырған тақырыпты толыққанды ашуға мол мүмкіндіктер береді.

Этникалық бірегейліктегі сыртқы және ішкі бірегейлік теориясы

Этникалық бірегейлік пәнаралық мәселе болып табылады. Этникалық бірегейлікті этнологиямен қоса, социология, философия, мәдени антропология, психология және т.б.

ғылымдар зерттейді. Этникалық бірегейліктің этнологиялық тұрғыда зерттеудің эмпирикалық әдістері мен зерттеу әдістемелері бар. Сонымен қатар, этникалық бірегейлікті әлеуметтік құбылыс ретінде қарастыратын болсақ этносоциологиялық бағыттың ұтымды тұстары жетерлік.

Этникалық үрдістерді интерпретациялауды негізгі үш бағытқа бөліп қарастырсақ болады:

Примордалистік (эссенциалистік) бағыт. Оның негізгі өкілдері П.И. Кушнер, С.А. Артюнов, Ю.В. Бромлей, Л.Н. Гумилев, Э. Смит, К. Гирц, К. Калхун және т.б. болып табылады. Олар адамның бастапқы, яғни примордиалды этникалық бірлігінің болғандығын қолдайды. Ғылымдағы мұндай қадамнан екі бағыт бөлініп шығады: социобиологиялық және эволюциялық-тарихи бағыт. Алғашкы бағытты жақтаушылар зерттелу құбылысты адамдардың туыстық топтарының кеңейтілген (Калхун, 2006) және адамдардың табиғатпен немесе белгілі бір ландшафтпен байланысын қарастырады (Гумилев, 1993). Эволюциялық-тарихи бағыт этникалық үрдісті мәдениет пен тарихтың жетістігі ретінде қарастырып, этности адамзат қоғамының тарихи кезеңде кешенді атрибуттары – территориясы, тілі, діні, дәстүрі, мәдениеті және т.б. қалыптасқан бірлігі деп түсінеді (Бромлей, 1983).

Примордалистік көзқарасты америкалық ғалым Исаев социологиялық және антропологиялық әдебиеттегі ең ескі тәсілдің бірі дей келе, этникалық тиістілік – бұл дүниеге келген кезінде берілетін нәрсе, ол адам қоғамының тегі мен кландық құрылымынан және, демек, көп немесе аз тіркелген және тұрақты.

Біз төрт негізгі тәсілді және бірқатар тәсілдерді бөліп аламыз, олардың кейбіреулері негізгілермен қылысады. Бұл: (1) Бастапқы құбылыс ретінде ойластырылған этникалық тиістілік, (2) эпифеномен ретінде ойластырылған этникалық тиістілік, (3) жағдаяттық құбылыс ретінде ойластырылған этникалық тиістілік, (4) таза субъективті құбылыс ретінде ойластырылған этникалық тиістілік деп келтіреді (Isajiw, 1974, p. 122). Конструктивизм. Оны негізінен батыс әлеуметтанушылары мен антропологтары қолдайды. Сонымен қатар, қазіргі кезде ресейлік ғалымдардың бірқатары осы бағытты ұстанып келеді. Бұл жерде этникалық болмыстың (территория, мәдениет) объективті емес субъективтілігіне мән беріледі. Конструктивизмнің мағынасы этникалық бірлікті жекелеген индивидтердің мақсатты

түрде үйымдастырған институттары арқылы қалыптасады деп ұғынады. Яғни этникалық бірлікті әлеуметтік құрылым ретінде түсінеді. Оның өкілдері Б. Андерсон, Э. Геллнер, Ф.Барт, Э. Хобсбаум, М. Биллиг және ресейлік зерттеушілер В.А. Тишков, В.М. Воронков, В.С. Малахов, О. Бредникова және т.б. болып табылады. Бұл бағыттағы зерттеулердің негізгі бағыттары этникалық бірліктің қалыптасуы мен оны қалыптастырудың элитаның рөлі мен мәдени шекаралардың қызыметін қамтиды.

Конструктивизмнің тағы бір түрі инструментализм болып табылады. Оның негізгі өкілдері Л.М. Дробижева, М.Н. Губогло, Ю.В. Артюнян, В.А. Ядова, А. Коэн, К. Дойча, Х. Ортега-и-Гассет және т.б. зерттеушілер болып табылады. Олардың пікірі бойынша этникалық топқа бірігу үшін мықты саяси мобилизация болуы қажет. Ол этникалық топқа өзінің құқықтарын қорғауға мүмкіндік береді. Этникалық бірегейлікті саяси күрес пен экономикалық бәсекенің құралы ретінде қарастыру көптеген далалық зерттеулерде көрініс тапқан (Губогло, 2003).

Зерттеудің бұл бағыттары бірқатар шектеулерден тұратыны белгілі. Сондықтан, примордалистік, конструктивистік және инструменталистік методология синтезінде қалыптасқан аналитикалық еңбектер жазылуда. Осындағы интеграциялық еңбектерді жазудың қажеттігі жөнінде М.О. Миацианский (Миацианян, 2008), И.Ю. Зарипов, Б.Е. Винер, А.М. Монаков, Дж. Фишман және басқалары жазды (Зарипов, 2000). Алайда, интегралды методология өзінің бастапқы қалыптасу кезеңінде тұр екенін атап еткеніміз жөн.

Біздің зерттеу тақырыбымыздың ерекшелігіне қарай, этникалық бірегейліктің методологиялық ұстанымдары әртүрлі қалыптасып келеді. Соның ішінде әлеуметтанулық тұрғыда жанжақты қарастырылады. Оның көш басында М. Вэбер, Э. Дюркгеймдер тұрды. Онда әлеуметтік жүйенің «Этникалық бірегейлік» және «этникалық сана сезім» түсінігінің этносоциология ғылымында өзінің тарихы қалыптасқан. 1990 жылдарға дейін ғылыми айналымда этникалық немесе ұлттық сана сезім деген түсінік этностиң жалпы территориясы, тілі және мемлекеттілігі деген ұғымдарды қамтып келді (Арутюнян, 1999). Ал, заманауи пәнаралық әлеуметтанулық және психологиялық тілде этникалық бірегейлік түсінігі қалыптасты. Этносоциологияда оны «этникалық сана сезім» ретінде түсіндірледі.

1960–1970 жж. этнология ғылымында «этникалық немесе ұлттық сана сезім» ұғымы

этникалық топ пен ұлттың өзін өзі қай ұлт пен топқа жатқызуында жетекші орында болды. Этникалық сана сезімді теориялық талдаулардың маңызды бөлігі 1960 жылдың екінші жартысында «Вопросы истории» журналындағы мақалалардан көрініс тапты. Бұл талдаулардың қорытындысы ретінде ұлттық немесе этникалық сана сезім «ұлт» үғымымен тоқтамға келді. Кеңестік этнология ғылымиңдағы ұлттық сана сезімді зерттеу оның құрылымдық ерекшеліктеріне де тоқталды. Ю.В. Бромлей өзінің «Очерки теории этноса» атты еңбегінде мынадай құрылымдық элементтерді көрсетті. Оған: тіл, мәдениет, тарих және территория, діни және таптық сананы кіргізді (Бромлей, 1983: 176; 183).

Этникалық сана сезім үғымының мәнін түсіну үшін кеңестік этнология және этносоциологиялық мектептерін этнос, мәдени біріктіруші, әлеуметтік және саяси-идеологиялық формаларда интеграциялануына жағдай жасады.

Л.М. Дробижева өзінің теориялық еңбектерінде этникалық сана сезімнің құрылымы мен қызметтінің инструменталды функциясына мән беріп, оның идеологиялық, әлеуметтік-психологиялық, топтық және мемлекеттік деңгейіндегі функциясын бөліп көрсетеді (Дробижева, 2003: 41). Сонымен қатар, этникалық мұдде мен құндылықтар түсінігінң айырмашылығын анықтайды. Бұл тұрғыда посткеңестік елдердегі ұлт-азаттық қозғалыстарда ұлт зиялышы мен элиталық топтың рөлін қарастырады (Дробижева, 1996: 251; 263). Қазіргі кезде этности зерттеуде примордалистік, инструменталистік және конструктивистік ғылыми теорияларға сүйенеміз. Осыған сәйкес тілдік, мәдени, терриориялық және құндылықтар үғымын жалпыла ма «этникалық бірегейлік» деп атаса болады.

Батыстық зерттеулердің Ресейлік зерттеулерге тигізген әсерінен ұлт теориясы мен ұлтшылдық мәселесі «этникалық бірегейлік» терминімен ауысып келді. Бұл Қазақстанның қоғамдық ғылымдарына да өз әсерін тигізбей коймады. Қазіргі кезде көпшілік зерттеулерде этникалық бірегейлік мәселесі өзекті мәселе ретінде көрініс тауып отыр. Зерттеулердегі методологиялық фокустың этникалық сана сезімнен «этникалық бірегейлікке» ауысуы, объектінің атауы «этностан» «этникалық топқа» ауысуына алып келді. Ол конструктивистік және инструменталистік тұрғыда өзін мәдениеттің құрамында субъективті факт ретінде карауға мүмкіндік берді (Тишкив, 1997: 28).

Э. Смит этникалық топты этномим, мәдениет, ортақ шығу тегіне қарай, тұған жерімен

немесе территориясымен байланысына және ынтымақтастығына қарай тануды ұсынады (Smith, 1991: 21). Ал, А. Сусоколов бұл мәселеғе ақпараттық қадам жасауды жөн көріп, этникалық топ немесе этнос қазіргі жедел аумалы төкпелі жаһандық әлемге өз мүшелерінің тез бейімделетін «ақпараттық сұзгі» болуы шарт деп көрсетеді (Сусоколов, 1991: 13).

Этникалық категориялар әлеуметтік мәдени жүйенің барлық саласын қамтиды. Ол әлеуметтік өмірге кіріге алады. Бұл Барт бойынша мәдени ерекшеліктерді таратудың қолдауши факторы болып табылады. Полиэтникалық қоғамда барлық этникалық топтардың мүшелері дихотомия мен мәдени ерекшелікті қолдайды. Мәдени толықтыруыш үрдістер этникалық топтардың өзара байланыстылығын күшейтіп симбиотикалық сәйкестікке немесе үйлесімдікке алып келеді. Ал, мәдени толықтыруыштар болмаған жағдайда этникалық негізде өзара әрекеттесулер болмайды немесе этникалық бірегейліксіз қалыптасады. Барттың пікірінше құрделі әлеуметтік жүйелер өзара ірі толықтыруыш құндылықтарды түсіндіреді. Яғни, мәдени ерекшеліктер мен әлеуметтік негіздердің формаларын анықтайды. Әлеуметтік жүйедегі мәдени әркелікілік біріншіден тұрақты болуы шарт, екіншіден, этникалық топ ішінде жүйеленген болуы тиіс. Басқаша айтқанда топтың әр мүшесінің әлеуметтік рөлі стереотипті болуы керек. Осы кезде этносаралық ықпалдастықтар этникалық бірегейлікке негізделеді. Барт тұжырымдамасының негізгі ұстанымы этникалық топтар мен мәдени көптүрлілікті зерттеуде ұлттық сананың қызметі мәдени ерекшеліктің әлеуметтік формасы ретінде қарастырылады. Этникалық топ индивидтің танымы мен өзін-өзі қандай топқа және категорияға жататынына қарай қалыптасады.

Ф. Барттың этникалық бірегейлікті зерттеу әдістері этникалық және мәдени ерекшеліктерді зерттеуде құрделі өзгерістер алып келді. Ол этникалық бірегейліктері мәдени шекаралардың объективті тарихи сабактастығынан гөрі этникалық бірегейлікке индивидуальды сана мен әлеуметтік жағдайды түйсіну шарттарына мән береді (Барт, 2006).

Енді «этникалық топ» түсінігін қарастыратын болсақ, қоғам мүшелерінің ортақ мәдениетті бөліп жармай өзін сол мәдениеттің өкілі ретінде және сол мәдениеттің мұрагерімін деп есептейтін адамдар тобын атайды.

Этникалық топты анықтауда ата-баба мен үрпактар арасында салт-дәстүр, әдет-ғұрып

және ырымдардан тұратын ортақ құндылық болуы шарт. Осы құндылықтар арқылы этникалық топтың бірегейлігі қалыптасады. Бұл мәдени құндылықтар атадан балаға жалғасуы керек.

Этникалық топты анықтау Ф. Барттың еңбектерінен бастау алатыны белгілі. Оның пікірінше этникалық топтың этникалық шекарасы анықталуы тиіс. Этникалық шекаралардың екі типі, «ішкі» және «сыртқы» болып бөлінеді. Яғни, этникалық топ ішіндегі шекара ішкі болса, этникалық топ сыртындағы шекара сыртқы болып табылады. Көп жағдайда этносаралық қатынастар осы екі шекараға байланысты болып табылады.

Ішкі шекара – топқа өздігінен қосылу. Ол өзін өзі тану процесінде қалыптасады. Бұл өз сезімінің белгілі бір этникалық топқа сәйкестендіру болып табылады. Сыртқы шекаралар белгілі топ мүшелігінен сырттап қалу немесе өзгелердің кеңістігі. Көпұлтты қоғамдағы этникалық топтардың әртүрлі өкілдерінің өзара бәскелесуі мен ішкі шекарандың болуы сыртқы шекаралардың қалыптасуына алыш келеді. Бұл белгілі бір топтың өзгелер арқылы белгілі бір этникалық топқа жатқызылуын көрсетеді. Аталмыш топ ол этникалық топтың мәдени ерекшеліктерін көрсетпесе де жүзеге аса береді. Өзгелер арқылы белгілі бір топқа теліну немесе танылу өзін өзі тануда әлеуметтік үйымның жаңа формасын қалыптастыруы мүмкін.

Жалпы алғанда белгілі бір этникалық топқа жатқызылу екі түрлі шекарандың мәселесін көтереді, біріншісі, ішкі шекара – әлеуметтену үрдісі арқылы болса, екіншісі, сыртқы шекара топаралық қатынастар негізінде қалыптасады. Бұл екі топтың өзара қатынасының Канада мен АҚШ тағы этникалық топтардың қарым-қатынасын мысалға келтіруге болады. Мениң ойымша негізгі ерекшелік сыртқы шекараларда болады. Себебі, кейбір этникалық топтар өзге қоғамда өзгелер ретінде екі қоғамда да танылып кетеді (Мысалы, Қарақалпақстаннан келген қазақтарды біз қалпак дейміз, оларды Қарақалпақстанда қазақ дейді, осы мәселені көрсетіп отыр). Оның ішінде оларды саяси билік және басқа да органдардың атаву қалай болатыны маңызды болады. (Осыған байланысты кезінде бізді патшалық Ресей қыргыз деп атады гой, немесе сарттардың көпшілігін үйғыр болып кетуі, немесе құрамалардың өзбек болып кетуі деген сияқты мәселе). Сонымен сыртқы шекарандың қалыптасуы саяси мәдениеттің және иммиграциялық саясаттың бағытына байланысты болып табылады (Isajiw, 1974: 122).

Сонымен қатар, сыртқы шекаралар саяси мобилизация мен бірліктің маңызды бөлігі ретінде қарастырылады. Алайда, бұл бірлікті ішкі шекарандың қалыптастыратын бірлікпен шатастыруға болмайды. Бұл жерде этникалық бірлік емес, жалпы этностардың бірлігі мензеліп тұр. Мысалы, оны АҚШ тағы афроамерикандықтар, карибтіктер және латынамерикалықтар ретінде қарастырса болады.

Ал, этникалық ішкі шекаралардың көлемі этникалық және аймақтық топтардың ерекшеліктерін анықтауга мүмкіндік береді. Оны қалабреси және итальяндықтар мысалында қарастырасқ болады. Аймақтық топ өмір салтын мәдениет ретінде қарастырса болады. Бірақ, ол үшін аймақтық топтың бірегейлігі этникалық бірегейліктің бір бөлігі деп танылуы керек. Осылайша Калаберезилер өзін Фриуланд, Тоскана және басқа аймақтарға қарағанда итальяндық ретінде есептейді. Бұл тұрғыда аймақтық бірегейлік кең көлемде итальяндық этникалық бірегейліктің бір бөлігі ретінде қарастырылады. Алайда, кейбір аймақтарда өзіндік төл тарихы мен мәдениетін ұстанып отырған топтар бар. Олар өзге этникалық топ ретінде өзінің бірегейлігін сақтап қала береді.

Индивуалды денгейде этникалық тиістілік – әлеуметтік психологиялық үрдіс. Ол адамға тиістілік пен бірегейлік сезімін тудырады.

Этникалық бірегейліктің ішкі және сыртқы аспектілерін бөліп қарастыруға болады. Сыртқы аспектілері мәдени және әлеуметтік тұрғыда көрініс табады: 1) этностиң өз тілінде сөйлеуі, этникалық дәстүрлерді ұстануы; 2) этникалық желіге қатысуы, отбасылық және достық қатынастар; 3) этникалық институционалды үйымдарда, яғни мешіт, шіркеу, мектеп, үйымдарға қатысуы; 4) ерікті этникалық үйымдарға қатысуы, яғни, клубтар, қоғамдық үйымдар, жастар үйымдары; 5) этникалық үйымдардың қаржыландыратын үйымдарына қатысу, пикниктер, концерттер, қоғамдық лекция, митинг, би және т.б. кіреді.

Этникалық бірегейліктің ішкі аспектілері идеяларға, көзқарастар мен сезімге қарай қалыптасады. Ишкі аспектінің сыртқы аспектімен байланысы болғанымен оларды бір формада қарастыруға болмайды. Соган сәйкес ішкі аспектінің когнитивті, моральді және аффективті типке бөліп қарастыру қажет.

Бірегейлікті когнитивті типі біріншіден өз тобының өзінше бағалаудын тұрады. Сонымен қатар, ол өз тобының тарихи мұрасы жөніндегі

білімінен және өз тобының құндылықтары жөнінде білімінен тұрады.

Бірегейліктің моральді типі топтық міндеттерден тұрады. Жалпы, топтық міндет сезімі адамның өз тобының алдындағы борышымен байланысты. Көшілігінде борыштық сезім адамның өз балаларын ана тілін үйретуге, топ арасындағы өкілдерге үйлену (өз ұлтынан үйлену), топ мүшелеріне көмектесіп тұру және т.б. тұрады.

Аффективті немесе катетті типке адамның өз тобының ортасын қауыпсіз сезінүі және мәдени ерекшелікке қарамастан өз тобында басқа топқа қараганда қорғаныш сезімінде болуын атайды (Isajiw, 1993).

Осыған ұқсас ғылыми талдаулар көптеген зерттеушілердің еңбектерінде де кездесіп жатады. Соның ішінде элеуметтану мен этнология ғылымының ортақ мәселесі ретінде қаралатын зерттеулерде кездеседі. Мысалы, Ю.В. Артюнян және Л.М. Дробижевалардың еңбектері (Русские, 1992) материалдық мәдениеттен гөрі этностар арасында этносоциологиялық зерттеулер жүргізіп, сол арқылы этникалық мәдени үрдістерді анықтауға тырысты. Оның ішіне халықтың тұрмыстық, қоғамдық-саяси, бос уақытын өткізу және этникалық өзін-өзі тану үрдістерін ашуға мүмкіндік алды (Русские, 1992: 142). Бұл зерттеушілердің халықтың еңбек ету барысында этносаралық қатынастың кең орын алатындығына көз жеткізді. Бұл әсіресе өндіріс саласында белсенділікке ие болды. Сонымен қатар, өндіріс саласында адамдардың әр түрлі мәдени ерекшеліктері соционормативті сипатта жақындалап, сәйкестенетіндігін байқауға болады.

Жалпы, этникалық бірегейлікті зерттеу мәселесінде Ф. Барттың бұл ұстанымдарына қарсы уәж айтқан зерттеушілер көп емес. Керісінше көптеген ғалымдар оның ұстанымдары мен ғылыми пікірлерін қолдап, оны өз зерттеулерінде кеңінен пайдаланды. Соның негізінде этникалық бірегейлікке негізделмеген мәдени шекаралар инстенсивті этносаралық қатынастарда әлсірейтіні жөнінде тенденциялар қалыптасқан. Мысалы, жұмыста, бос уақытты пайдалану кезеңінде, отбасы және тұрмыстық жағдайда мәдени ерекшелік арта түседі. Көшілік авторлар мәдени айрықша ерекшеліктердің әлеуметтік қызметтерін қарастырмайды. Алайда, этникалық бірегейлікті зерттеуде материалды мәдениеттен гөрі әлеуметтік үғымдарды зерттеу тиімді екені анықталып отыр. Бұл тұста этносаралық қатынастардағы мигранттардың мәдени ерекшеліктері мен бейімделуі өзге

этникалық ортада өзін-өзі қай ортаға жатадынығын сезінүі маңызды болып табылады. 1990 жылдардан кейінгі посткеңестік елдердегі миграциялық үрдістердің күшеоі, әртүрлі елдерде этноәлеуметтік қатынастардың артып, этносоциологиялық зерттеулерге деген сұранысты күштті. Нәтижесінде жаппай жүргізілген этносоциологиялық зерттеулер мигранттардың жергілікті ортаның мәдениеті мен тәртіптерін игерген мигранттар үшін бейімделу үрдісі жеңіл жүретіндігі айтылады.

Ф. Барттың еңбектеріндегі мәдени шекара мәселесін посткеңестік ғылыми кеңістікте алғаш болып енгізген В.А. Тишков болды. Ол Барттың тұжырымдары посткеңестік қоғамдағы мәдени шындықты саралауға сәйкес келетіндігін дәлелдеді. Сонымен қатар, Тишков мәдени шекараның қалыптасуы мен сақталуында мемлекеттің рөлін анықтады. Ал, этникалық бірегейлік пен топтық бірегейлікте оның жаннама сипаттаған болатыны көрсетілді. Автор этникалық бірегейліктің әр түрлі саяси жағдайлар мен мәдени ерекшеліктерге орай бейімді болып келетінін түсіндіреді (Тишков, 1997).

Ф. Барттың ізін басқан зерттеулердегі мәдени шекаралар мәселесінде ресейлік ғалымдар біраз зерттеулер жасады. Бұл зерттеулердің қорытындысы ретінде топтық этносаралық қатынастарда мәдени шекаралар мен мәдени ерекшеліктер мәдени арақашықтықтарды анықтайтындығы белгілі болды. Мәдени арақашықтықтар бойынша алғашқы зерттеулерді А. Фернхем мен С. Бочнер жасады. Олар мигранттардың психологиясын кроссмәдени талдау арқылы жергілікті жерге бейімделуін және жаңа мәдени ортага кірігуін қарастырды (Furnham, Bochner, 1986). Психологиялық бағытта жасалған кроссмәдени қадамдар топтар арасындағы мәдени ерекшеліктер зерттеушілердің субъективті символикалық сипатта қызықтырыды. Мәдени ерекшеліктерді зерттеу әдістерінің негізінде әртүрлі этникалық топтар мен қауымдастықтар берілген психологиялық параметрлер арқылы әр жеке индивидуалды тұлғаның тәжірибесінде әлеуметтік үйімдасқан мәдени ерекшеліктерінің қызметін береді. Ол этносаралық қабылдауды психологиялық параметрлер арқылы мәдени арақашықтық ретінде түсіндіреді. Фернхем мен Бочнердің зерттеулерінде мигранттың жаңа мәдени ортадағы құйzelістік деңгейі (мәдени шок) жаңа тұрып жатқан жерінің мәдениетіне түпнұсқалық жақындығына байланысты болды. Соның ішінде мәдениет жақындығын зерттеушілер

географиялық факторды ескере отырып, алыс, орта және жақын деп бөліп қарастырды. Себебі, мәдени күйзелісті өткізу мәдениеттің алыс-жақындығына тікелей байланысты болды. Бұл өзге этникалық ортада мәдени арақашықтықты қабылдаудың психологиялық сипаттамасын беретін қалыптасқан эмпирикалық байланыстың негізі болып табылады. Кез келген этникалық топтың мәдени арақашықтықты өткізуі бірқатар параметрден тұрады. Бірінші, объективті мәдени ерекшелік; екінші, жаңа күйзелістерге тұрақты болу қабілеті; үшінші, мәдениет аралық және этносаралық байланыстардың тәжірибесіне байланысты болады. Сондай-ақ, мына мәселеге көңіл аудару қажет. Әртүрлі мәдени ерекшеліктің болуы мәдени арақашықтықты анықтауга мүмкіндік береді. Соған сәйкес мұндай зерттеулерде этнологияның примордалистік бағытындағы еңбектерді қарастырган жөн.

Әлеуметтік антропологияда мәдени арақашықтық мәселесімен Н.М. Лебедева айналысты. Ол Закавказьедегі байырғы орыстардың этномәдени бейімделуі мәселесіне тоқталып, мәдени арақашықтық көрші мәдениетке теріс әлеуметтік үрдістің қалыптасуына мүмкіндік беретінін дәлелдеді. Зерттеу барысында қаншалықты жергілікті қоғам мен келуші мигранттардың мәдениетін алшақтық болса, бейімделуші этникалық топта психологиялық қорғаныс пайда болады. Яғни, Біз және жағымсыз сипаттағы Олар деген (Лебедева, 1993: 72).

Н.М. Лебедева мәдени арақашықтықты – өзге мәдени ортаға психологиялық бейімделудің негізгі факторы деп түсінді (Лебедева, 1993: 109). Сонымен қатар, Н.М. Лебедева мәдени арақашықтықты теориялық тұрғыдан талдап, посткенестік елдердегі зерттеулерге арналған методикалық құрылымын жасады. Автор мәдени арақашықтықтың әлеуметтік ұғынылуы субъективті бейнесі болады деп көрсетеді. Сонымен қатар, этникалық мәдениеттің топтар арасындағы және топ ішілік қатынастарда объективті ерекшелігі болып табылады. Сонымен, мәдени арақатынастың үрдістерін объективті тұрде көрсету күрделі методикалық және методологиялық проблемалардан тұрады. Алайда, автор мәдени арақатынастың әдістері мен көрсеткіштерін субъективті тұрде мәдениеттің шығуы мен мигранттардың қоныстану мәдениетінен көрсетуге тырысқан. Бұл этникалық стереотиптер методы; мәдениет аралық ауысу методтары (мәдениет ішіндегі өзара алмасуларды көрсетеді). Қаншалықты мәдени арақашықтық көп болса, соңшалықты

материалдық мәдениет және ішінара рухани мәдениет пен психологияда мәдениет аралық ауысымдар болады) әлеуметтік-психологиялық жақындықтың шкаласы (Богардустың әлеуметтік шкаласы бойынша). Бұл әдістер мен көрсеткіштер мигранттардың бейімделуіне мәдениеттің қаншалықты жақын-алыстығын көрсетеді. Сонымен қатар, автор психологиялық сараптама әдістеріне терендең баруды жөн санайды. Мысалы, мәдени арақатынастардың механизмін түсіну үшін семантикалық дифференциал методын менгерген абзal.

Қазіргі этносоциологиялық зерттеулерде Р. Парк пен Э. Богардус әлеуметтік арақашықтықтың шкаласының негізін қалады. Ол әр түрлі топ пен насыл адамдарының арасындағы әлеуметтік арақашықтығын зерттеу арқылы этникалық бірегейліктің аспектілерін қарастыруға мүмкіндік береді. Парктің пікірі бойынша әр түрлі этникалық топ өкілдері арасындағы әлеуметтік арақашықтық қоғамдық ынтымақтастық деңгейі мен нақты қоғамның интеграциялану қабілетін көрсетеді (Park, 1924). Қазіргі этносаралық қоғамдарда бұл шкала этникалық топтардың бір-біріне қатысты әлеуметтік ұстанымдарын анықтайды. Бұл теория тұрғысында қөптеген зерттеулер жүргізілді. Соның ішінде Украина дағы әлеуметтік арақашықтық шкаласын пайдалану этникалық толеранттылықтың деңгейін анықтап, өзге ұлттың адамын өз елінің азаматы ретінде санау деңгейіне жеткендігін анықтады (Панина, 2006: 109). Толеранттылықтың мұндай деңгейі Қазақстанның ішкі саясатында да басымдықта ие. Яғни, еліміздегі әрбір этнос өкілі өзінің тілі мен мәдениетін дамытуға және оны сақтауга құқылы. Сонымен қатар, басқа этнос өкілдері тарапынан жекелеген топ өкілінің мәдениеті мен этникалық ерекшеліктерін кемсітуге жол берілмейді. Бұл тұрғыда Қазақстанның этносаралық саясаты посткенестік елдер арасындағы негізгі модель десе де болады. Сонымен қатар, еліміздегі өзге этнос өкілдерінің автохтонды қазақ халқымен біртұтас және ауызбірлікте өмір сүруіне олардың қыын-қыстау заманда Қазақстанға келіп жан сақтауы, тарихи жады арқылы қалыптасып отыр. Жалпы, мемлекет ішіндегі бұл үрдістерді азаматтық бірегейлік тұрғысынан қарастыруға болады.

Мәдениеттердің алыс-жақындығы мен этникалық топтар арасындағы шекаралардың әлеуметтік арақашықтығына Л.М. Дробижева өз зерттеулерінде билайша тоқталады. Оның пікірінше мәдени арақашықтықты түсіну үшін

оны кешенді түрде, тарихи, әлеуметтік және саяси тұрғыда қарастыру қажет. Этникалық топтар арасындағы мәдени арақашықтықтарды қарастыру Барттың мәдени ерекшеліктерде және мәдени ерекшелік кеңістігінде әлеуметтік шарттық концепцияларымен сәйкестенеді (Дробижева, 1997).

Ал, өзіндік және өзге этникалық топтардың этникалық бірегейлігін мультимәдени кеңістікте зерттеуге методы бар. Ол этникалық мәселені психологиялық, әлеуметтік, саяси механизмдер арқылы қарастырады. Мысалы, канадалық мультикультурализм, жалпы канадалық саяси бірегейліктің қызметіне кедергі келтірмейді (Куропяткин, 2003: 83). Бірак, мұнда топтық бірегейліктің ұлттық санасы орнына тілі мен мәдениет кіріктіріледі. Тіл мен мәдениет көптеген елдерде этнос анықтауышы функцияны атқарады. Сол үшін мәдени әркелкілікті қолдау және сактау үшін этносаралық саясатта жұмысқақтарға жол беріледі. Бұл жағдай қазақ диаспорасы орналасқан Түркияда да сақталып отыр. Мысалы Түркия үкіметі қазактарға өзінің мәдени дамуына мүмкіндік мол бергенімен, әлеуметтік жағдай қазақтардың толыққанды казакы дәстүрлерді ұстауына мүмкіндік бермейді. Дәл осындай жағдай басқа да елдерде сақталған.

Бұл мәселеде С. Бенхабибтің пікірлерінің маңызы зор. Оның пікірінше қазіргі заманауи әлемде мәдениет жалпылама қолданыстағы бірегейліктің синонимі болып табылады (Бенхабиб, 2003: 36). Автордың пікірінше мәдениет адамдардың қызметінің жиынтық элементі болып табылады (Бенхабиб, 2003: 52). Қазіргі әлемнің көп елдерінде мәдени шекаралар этникалық бірегейлікті қолдайды.

ДЕ ВОСТЫҢ ПІКІРІНШЕ этникалық топ – ортақ дәстүрлерге біріккен адамдар жиынтығы. Бұл дәстүрлер халықтық сипат алған діни нағым-сенім және ғұрыптарды, тілді, ортақ тарихи отан сезімін қамтиды. Этникалық топты сипаттайтын кейбір элементтер жекелеген касталық-топтарға жататындығын білдіруі мүмкін (Де Вос, 2001).

Көшшілігінде этникалық топтар территориялық немесе саяси тәуелсіз болуы тиіс. Алайда, этникалық топтарды осындай негізде салыстыруды әр түрлі жағдайларды қалыптастырады. Мысалы, кейбір этностар бір өзі бүкіл мемлекеттің территориясын алып жатса, кейбірі өмірінше тәуелсіздікке қол жеткізе алмай кетеді. Сан жағынан басым және тәуелсіз этникалық топтарда ұлттық немесе өнірлік бірегейліктің формала-

ры қалыптасады. Жалпы, «ұлт» және «ұлттық»

деген ұғымдарды саяси тәуелсіз этникалық топтарға айтылады. Сол тұрғыда ұлттық және этникалық бірегейлік тарихи сабактастықта болған жағдайда мәдени бірегейлік қалыптасады.

Әлеуметтік кеңістіктің мәдени сипаттары мен белгілері бойынша категорияға бөліну – этникалық бірегейлікті қалыптастыруды әлеуметтік бірегейліктің когнитивті теориясының маңызды болігі болып табылады. Әлеуметтік бірегейлік механизмдерін топаралық салыстыру, сараптаулар Г. Тәждел, Дж. Тернер сияқты әлеуметтік психологтар тарағынан кеңінен зерттелді (Tajfel, Turner, 1986). Бұл теория бойынша адамның әлеуметтік қабылдауларында әлеуметтік жіктелу үрдісі қалыптасады. Бұл адамдардың ой санасына қарай топтарға жіктелуіне жағдай жасайды. Әлеуметтік категорияларға бөліну үрдісі белсенді әлеуметтік бірегейлікпен жалғасады. Осы тұрғыда этномәдени тұтастықты топтар негізінде қарастыру, этникалық бірегейлікті қоғамдық қатынастардың негізінде зерттеуге мүмкіндік береді.

Әлеуметтік-психологиялық дәстүрлер этникалық бірегейліктен когнитивті және эмоционалдық қырларын бөліп қарастырады. Этникалық бірегейліктің когнитивті қыры, авто және гетеростереотиптерден тұрады. Ол тілдік, мәдени, территориялық, тарихи және басқа да этносқұраушы және этнос біріктіруші ұғымдармен астасып жатады. Ал, этникалық бірегейліктің эмоционалды бағалау қырлары этникалық топқа мүшеліктің бағасын беруге жағдай жасайды (Стефаненко, 1999).

Л.М. Дробижева мен Г.У. Солдатованың еңбектерінде этникалық бірегейлікті өзгерістерге ұшырататын құбылыстар жөнінде жазылған. Дробижева айрықша этникалық бірегейлік пен этнофонаттық негізінде бірегейліктің этноорталық, этностық ұстемдік қалыптастырынын атап өтеді. Этникалық бірегейліктің бұл түрлеріне космополиттік этникалық бірегейлік карсы тұрады (Дробижева, 1994: 37).

Этникалық бірегейлікті ғылыми айналымда әсірелеу (гиперболизациялау) түсінігін француз антропологы Дж. Деверо енгізді. Ол мәдени антропологияның психосараптамалық бағытын ұстанушы болып табылды. Этникалық бірегейліктің гипербірегей болуы, оның басқа әлеуметтік бірегейліктерден маңызы жоғарылап, белсенді болған кезде жүзеге асады. Бұл жағдайда ол, индивидуалды ерекшеліктерді жойып, тұлғаның көптеген қырларын қысқартып,

болмысты біржакты қабылдауға жетелейді (Дж. Деверо, 2001).

Г. Тәжфел мен Дж. Тернердің классикалық еңбектерінде этникалық бірегейлік эмоциямен және құндылықтармен тікелей байланысып позитивті және негативті болып бөлінеді (Tajfel, Turner, 1986). Мұндай жағдайда позитивті этникалық бірегейлік өзінің ұлттық сана сезіміне он ықпал ететін, патриотизмнің жогары болуымен және өз ұлттық санасына мақтан тұтатындарды құрайды. Мұндай бірегейлік дәрежесіндегі адам басқа да мәдениеттерге он ниетпен қарап, мәдениетаралық қатынасқа еркін түсে алады.

Дж. Де Вос және Ф. Барт бойынша этникалық бірегейлікке қызмет ететін этникалық шекаралар топ ішіндегі психологиялық үйгарымы болып табылады. Дәл осы үйгарымдар топқа белгілі бір бағалау сипатын береді (Барт, 2006). Біздің ойымызша этникалық бірегейлік жағдайында категорияға бөліну кезінде адамның субъективті білімі қажет. Сол білім арқылы ол өзінің жеке құндылығын аныктайды. Г. Тәжфел мен Дж. Тернердің әлеуметтік бірегейлік теориясы тұрғысынан құндылықтар білім элементі ретінде қарастырылады. Ол әлеуметтік кеңістікті категориялау барысында жузеге асады. Қөптеген психологтар жеке құндылықтарды субъективті әрекеттердің мәні ретінде қарастырады (Леонтьев, 1975: 78). Әлеуметтік-психологиялық зерттеулерде құндылықтар әлеуметтік қатынастардың реттеушісі ретінде қарастырылады. Ол адамның бір уақытта когнитивті және мотивациялық тәжірибесін көрсетеді (Шерковин, 1982: 27).

Этникалық бірегейлікті зерттеу барысында К. Калхунның көзқарасы ерекше болып табылады. Оның этникалық бірегейлікті мәдениеттің тасымалдануы мен әрекеттің басы ретінде түсіндіреді. Соған сәйкес этникалық бірегейлікті кеңірек түсінуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, Р. Джэнкинс этникалық бірегейлікті номиналды және шынайы бірегейлік деп бөліп қарастырады. Ал, Д. Хандельман этникалық бірегейліктің категорияларының ұғымын ерекшелейді. Бұл ретте Б. Андерсон бірегейлікті қиялдағы қоғам шеңберінде қарастырады. Хандельман этникалық байланыстарды оның адамдарды қаншалықты жақыннатуына қарай бөліп қарастыруды көздейді.

Конструктивизм мен инструменталистік теориялар арасында қазіргі кездегі ұлттық-азаматтық бірегейлікті қарастыруда үлкен мәселелер қалыптасқан. Бұл жөнінде ресейлік В.А. Тишков, Л.М. Дробижевалардың еңбектерінен бай-

қауға болады. Мысалы, олардың көзқарасы бойынша Ресейдегі бірегейлік мәселесін екі жақты қарастырады (Дробижева, 2010). Яғни, Ресейдің мемлекеттік бірегейлігі – мемлекеттердің территориясы шеңберінде және азаматтық-ұлттық бірегейлік. Ол саяси қауымдастыртар мен азаматтық топтар арасында қалыптасқан. Мемлекетке тәуелді емес, бірақ оның қолдауы мен қорғауын пайдаланады. Бұл макробірегейліктің формалары мемлекеттік-саяси және азаматтық-саяси консолидациялық үрдістерді көрсетеді.

Э. Геллнер, Э. Хобсбаум, Б. Андерсонның зерттеулері ұлттық-азаматтық бірегейлікті қалыптастыруды мемлекеттің, саяси элитаның рөлін ашуға тырысты. Конструктивистік теория бойынша этносаралық қатынастар этникалық топтар мен мемлекет арасындағы, этникалық азшылық пен этникалық көпшіліктің өзара қарым-қатынасы, билікті этникалық топтар мен элита арасындағы бөлісулер негізінде қалыптасады. В.А. Тишковтың пікірінше ұлттық-азаматтық бірегейліктің қалыптасуын қонструктивистік теория бойынша зерттеу жолдары мен методтарында қазіргі ұлтқураушы үрдістерде ресми идеология мен ұлттық символдарды қолдануда мемлекеттік рөлінің маңызды екенін көрсетеді (Тишков, 2003).

Ал, еліміздегі этникалық бірегейлікті саяси және идеологиялық тұрғысынан түсіндіретін бірқатар еңбектер жарық көрген. Олар тәуелсіз Қазақстан жағдайындағы этникалық бірегейліктің үрдістерін жан-жақты қарастырады. Сонымен қатар, этникалық бірегейлікке саяси-идеологиялық тұрғыда баға береді.

Қазақстандағы азаматтық және ұлттық бірегейлік мәселесіне көптеген зерттеушілер атсалысты. Соның ішінде М.С. Шайкемелев (Шайкемелев, 2013), Р.Қ. Қадыржанов (Қадыржанов, 2014), М.М. Нұргалиева (Нұргалиева, 2009), Э.Б. Асылтаева және т.б. көптеген ғалымдарды атауға болады.

Қазақстандық ғалымдар арасында бірегейлік мәселесінде әртүрлі пікірлер қалыптасқан. Мысалы, Р.Қ. Қадыржановтың еңбегінде ұлттық бірегейліктің қалыптасуына титулды этностың белгілері, яғни символдары арқылы басқа этностарды өз жаңына топтастыруы қабілетін айтады. Мемлекеттегі титулды ұлттың бірегейлігінің қалыптасуына ұлттық идея, ұлттық тарих, патриотизм, тіл, мифтер және т.б. қызмет атқаруы тиіс. Сонымен қатар, Р.Қ. Қадыржанов Қазақстандағы ұлттық бірегейлікті зерттеу үшін жаңа көзқарастар мен жаңа бастамалар қажеттігін атап өтеді (Қадыржанов, 2014: 131).

Зерттеуші Н. Айтymbетов қазіргі қазақстандық қоғамда ұлттық бірегейліктің қалыптасуын екі түрлі саяси мәдениеттің барлығын және олардың өзара қарама-қарсы екеніне көз жеткізеді. Біріншісі, адамдар санасында әлі де болса өмір сүруін жалғастырып келе жатқан екі кеңестік саяси мәдениеттің қалдықтары, екіншісі, жаңадан қалыптасып келе жатқан қазақстандықтардың жаңа саяси мәдениеті (Айтymbетов, 2016: 40). Бұл тұжырымдарда Н. Айтymbетов тарихи сананың этнос өміріндегі маңызын көрсеткісі келеді. Сонымен қатар, адамдар санасындағы басымдыққа ие тарихи символдарға назар аударады.

Қорытынды

Қорытындылай келе, этникалық бірегейлік тек этномәдени символизм ғана емес, сонымен

қатар, этностиң өмір сүруіндегі негізгі фактор болатыны анықталды. Сонымен қатар, этникалық бірегейлік мәселесін зерттеуде бірқатар ғылыми бағыттардың методтарының интеграциясын қажет ететіні анықталып отыр. Оның ішінде этнология, социология, психология, мәдениеттану және т.б. ғылымдардың методологиялық тәжірибелерін қолдану керек. Негізінен этникалық бірегейлік мәселесі жөнінде қалыптасқан теориялардың да кемшиліктері болуы да мүмкіндігі байқалып жатады, бұл әсіресе этникалық топтың этнотерриториясы мен шынайы территориясындағы мәселелерге байлланысты. Сондықтан жоғарыда келтірілген теориялық еңбектердегі айтқандай бір жақты примордиалистік те емес, бір жақты конструктивистік немесе инструменталистік емес, этникалық бірегейлігіне арнағы кешенді зерттеулермен қатар, ортақ біріккен ұстанымдарды қолдану қажет.

Әдебиеттер

- Айтymbетов Н. (2016). Қазақстанның ұлттық бірегейлігін қалыптастырудың отандық тарихтың рөлі. Историческая память как источник конструирования казахстанской идентичности. Алматы: ИФПР КН МОН РК, 140 с.
- Арутюнян Ю.В., Дробижева Л.М., Сусоколов А.А. (1999). Этносоциология. Москва: Аспект пресс, 271 с.
- Барт Ф. (2006). Этнические группы и социальные границы: социальная организация культурных различий. Москва: Новое издательство, 200 с.
- Бромлей Ю.В. (1983). Очерки теорий этноса. Москва: Наука, 418 с.
- Бенхабиб С. (2003). Притягания культуры. Равенство и разнообразие в глобальную эру. Москва: Логос, С. 301.
- Губогло М.Н. (2003). Идентификация идентичности: Этносоциологические очерки. Москва: Наука, 764 с.
- Гумилев Л.Н. (1993). Этногенез и биосфера Земли. Москва: ТОО «Мишель и Ко», 496 с.
- Дж. Де-Вос. (2001). Этнический плюрализм: конфликт и адаптация. Пер. М.Г. Котовский, Т.В. Волковой. Москва: Смысл, 555 с.
- Дж. Деверо. (2001). О работах Джорджа Деверо. Пер. Л.В. Трубицыной. В кн. Личность, культура, этнос: современная психологическая антропология. Под общей ред. А.А. Белика. Москва: Смысл, 555 с.
- Дробижева Л. (1994). Национализм, этническое самосознание и конфликты в трансформирующемся обществе: основные подходы к изучению. Национальное самосознание и национализм в Российской Федерации начала 1990-х годов. Москва, С. 37.
- Дробижева Л.М. Рыжова С.В. (2010). Российская идентичность и межэтническая толерантность. Социальные факторы консолидации российского общества: социологическое измерение. Москва: Новый хронограф, С. 116-135.
- Дробижева Л.М. (1997). Социально-культурная дистанция как фактор межэтнических отношений. Идентичность и конфликт в постсоветских государствах. Москва: Московский центр Карнеги, 488 с.
- Дробижева Л.М. (2003). Проблемы межэтнических отношений. Социология межэтнических толерантности. Москва. Изд-во Института социологии РАН, 222 с.
- Дробижева Л.М. (1996). Идеология и идеологии этнического ренесанса в условиях формирования гражданского общества. Демократизация и образы национализма в Российской Федерации 1990-х годов. Москва. С. 251-263.
- Зарипов И.Ю. (2000). Время искать общий язык (проблемы интеграции различных этнических теорий и концепций. Этнографическое обозрение. № 2. С. 3-13.
- Isajiw W. (1974). Definitions of Ethnicity in Ethnicity, Vol. 1. P. 111-124.
- Isajiw W. (1993). Definition and dimensions of ethnicity: a theoretical framework. Conference on the Measurement of Ethnicity. Canada, P. 407-27.
- Кадыржанов Р.К. (2014). Этнокультурный символизм и национальная идентичность Казахстана. Алматы: Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, 168 с.
- Калхун К. (2006). Национализм: пер. с. англ. А. Смирнова. Москва: Территория будущего, 288 с.
- Куропяткин А. (2003). Мультикультурализм: идеология и политика социальной стабильности полигэтнических обществ. Социология межэтнической толерантности. Москва, С. 83.
- Лебедева Н.М. (1993). Социальная психология этнических миграций. Москва. С. 72 Леонтьев А.Н. (1975). Деятельность. Сознание. Личность. Москва: Политиздат, 130 с.

- Миацаканян М.О. (2008). Национализм и глобализм. Национальная жизнь в современном мире. Москва: Анкил, 407 с.
- Нургалиева М.М. (2009). Государственные строительства как фактор формирования национальной идентичности Казахстана. Алматы, 123 с.
- Панина Н., Голохова Е. (2006). Национальная толерантность и идентичность в Украине: опыт применения шкалы социальной дистанции в мониторингом социологическом исследовании. Социологический журнал. № 3. С. 109.
- Park R.E. (1924). The Concept of Social Distance. Journal of Applied Sociology. Vol.8
- Русские. (1992). Этносоциологические очерки. Москва: Наука, 464 с.
- Стефаненко Т.Г. (1999). Этнопсихология. Москва: Институт психологии РАН, «Академический проект», 320 с.
- Smith A.D. (1991). National Identity. London: Penguin Books. P.21
- Сусоколов А.А. (1990). Структурные факторы самоорганизации этноса. Расы и народы. Москва, Вып. 20. С. 5-20.
- Tajfel H., Turner J. (1986). The social identity theory of intergroup behavior . The psychology of intergroup relations. Chicago: Nelson-Hall, pp. 7-24.
- Тишкив В.А. (1997). Идентичность и культурные границы. Идентичность и конфликт в постсоветских государствах. Москва. С. 28
- Тишкив В.А. (2003). Реквием по этносу. Исследования по социально-культурной антропологии. Москва: Наука, 544 с.
- Шайкемелев М.С. (2013). Казахская идентичность. Под общ. ред. З.К. Шаукеновой. Алматы: Институт философии, политологии и религиоведения МОН РК, 272 с.
- Шерковин Ю. (1982). Проблема ценностных ориентаций и массовые информационные процессы. Психологический журнал. №3. 137 с.
- Furnham F., Bochner C. (1986). Culture Shock: Psychological Reaction to Unfamiliar Environments. London, UK: Methuen.

References

- Kartaeva T. (2015). Shygyr kondirgisi zhane onyn koldanis aiyasy [Shyghyr – water-lifting device and its traditional use]. National Academy News of Sciences of the Republic of Kazakhstan. №1. pp. 247-255.
- Aitymbetov N. (2016). Kazakhstannin ulttik biregelyigin qalipastirudagy otandik tariktyn roli. [The role of national history in the formation of the national identity of Kazakhstan]. Istoricheskaya pamiat kak istochnik kostruktirovanyia kazakhstanskoi identichnosti. Almaty: IFPR KN KN MON RK. 140 P.
- Arutuyinan Yu.V., Drobizheva L.M., Susokolov A.A. (1999). Etnosociologiya [Ethnosociology]. Moscow: Aspect Press, 271 p.
- Barth F. (2006). Etnicheskie gruppy i socialnyie granisy: socialnaya organizaciya kulturnyh razlichii [Ethnic groups and social boundaries: social organization of cultural differences]. Moscow: Novoe izdatelstvo, 200 p.
- Bromlei Yu.B. (1983). Ocherki teoriyi etnosa [Essays on theories of ethnicity]. Moscow: Nauka. 418 p.
- Benhabib S. (2003). Prityzaniya kultury. Ravenstvo i raznoobrazie v globalnuyu eru [The claims of culture. Equality and diversity in the global era] Moscow: logos. 301 p.
- Guboglo M. N. (2003). Identifikasyia identichnosti: Etnosoiyologicheskie ocherki [Identification of identity: ethno-sociological essays]. Moscow: Nauka, 764 p.
- Gumilev L. N. (1993). Etnogenez i biosfera Zemli [Ethnogenesis and the earth's biosphere]. Moscow: Michel i Ko., 496 p.
- J. De Vos. (2001). Etnicheskie pljuralozim: konflikt i adaptasiya [Ethnic pluralism: conflict and adaptation]. Per. M. G. Kostovsky, T. V. Volkova. Moscow: The meaning of, 555 S.
- J. Devero. (2001). O rabotah Gjordja Devero [About the works of George Devereux]. Personality, culture, ethnosc: modern psychological anthropology. Moscow: Smysl, 555 P.
- Drobizheva L. (1994). Nasionalizm, etnicheskoe samosoznanie I konflikti v transformiruyushemsya obshchestve: osnovnye podhody k izucheniyu [Nationalism, ethnic identity and conflicts in a transforming society: basic approaches to study]. Nasionalnoe samosoznanie I nasionalizm v Rossiskoi Federasyi nachala 1990-h godov. Moscow, P. 37.
- Drobizheva L. M. Ryzhova S. V. (2010). Rossiskaya identichnost i mezhetnicheskikh otnochenii. Identichnost i konflikt v post-sovetskih gosudarstvah [Russian identity and interethnic tolerance. Social factors of consolidation of Russian society: a sociological dimension]. Moscow: Novyi hronograf, Pp. 116-135.
- Drobizheva L. M. (1997). Sozialno-kulturnaya distansiya kak faktor mezhetnicheskikh otnoshenii. Identichnost i konflikt v post-sovetskih gosudarstvah [Socio-cultural distance as a factor of interethnic relations. Identity and conflict in post-Soviet States]. Moscow: Moskovski center Karnegi, 488 p.
- Drobizheva L. M. (2003). Problemy mezhetnicheskikh otnochenii. Soziologiya mezhetnicheskikh tolerantnosti [Problems of interethnic relations. Sociology of interethnic tolerance]. Moscow: Institut sociologi RAN, 222 p.
- Drobizheva L. M. (1996). Ideologya i ideology etnicheskogo renesansa v usloviah formirovaniye grazhdanskogo obshhestva. [Ideology and ideologists of the ethnic Renaissance in the context of the formation of civil society]. Democratizatsiya i obrazy natsionalisma v Rossiskoi Federasyi 1990-h. godov. Moscow, pp. 251-263.
- Zaripov I.Yu. (2000). Vremiya iskat obshiyi yiazik (problem integrasii razlichnih etnicheskikh teorii i konsepsi) [Time to find a common language (problems of integration of various ethnic theories and concepts)]. Etnograficheskoe obozrenie. № 2. p. 3-13.
- Isajiw W. (1974). Definitions of Ethnicity in Ethnicity, Vol. 1. P. 111-124.
- Isajiw W. (1993). Definition and dimensions of ethnicity: a theoretical framework. Conference on the Measurement of Ethnicity. Canada, P. 407-27.
- Kadyrzhanov R. K. (2014). Ethnocultural symbolism and nationalnaya identichnost Kazakhstana. [Ethno-cultural symbolism and national identity of Kazakhstan]. Almaty: Institut Philosophy, politoljgi I religovedeniye KN MON RK, 168 p.

- Calhoun, K. (2006). Nationalism [Nationalism]. per. A. Smirnov. Moscow: Territory of the future, 288 p.
- Kuropyatkin A. (2003). Multikulturalism: ideologiya i politika socialnoi stabilnosti polietnicheskikh obshestv [Multiculturalism: ideology and policy of social stability of multi-ethnic communities]. Sociologia mezhchetnicheskoi tolerantnosti. Moskva, P. 83.
- Lebedeva N. M. (1993). Socialnaya psychologiya of ethnicheskikh migrascii [Social psychology of ethnic migrations]. Moscow, P. 72
- Leontiev A.N. (1975). Deyietelnost. Soznanie. Lichnost. [Activity. Consciousness. Personality]. Moskva: Politizdat, 130 p.
- Myascakayian M. O. (2008). Nationalism i globalism. Nationalnaya zhizn v sovremennom mire [Nationalism and globalism. National life in the modern world]. Moskva: Ankil, 407 p.
- Nurgalieva M. M. (2009). Gosudarstvennye stroitelstva kak faktor formirovaniya nasionalnoi identichnosti Kazakhstana [State construction as a factor in the formation of the national identity of Kazakhstan]. Almaty, 123 p.
- Panina N., Golokhova E. (2006). Nationalnaya tolerantnost i identichnost in Ukraine: opyt primeneniya shkaly socialnoi distansii v monitoringom sosiologicheskem isledovanii [National tolerance and identity in Ukraine: experience of applying the social distance scale in monitoring sociological research]. Sociologicheskii jurnal, №3, P. 109.
- Park R.E. (1924). The Concept of Sosial Distance. Journal of Applied Sociology. Vol.8
- Russkie [Russians]. (1992). Ethno-sociologiceski ocherki. Moskva: Nauka, 464 p.
- Stefanenko, T. G. (1999). Etnopsihologiya [Ethnopsychology]. Moskva: Institut psychology RAN, "Academiceski proekt", 320p.
- Smith A.D. (1991). National Identity. London: Penguin Books. P. 21
- Susokolov A. A. (1990). Strukturnye factory samoorganizasii etnosa [Structural factors of ethnic self-organization]. Racy i narody. Moskva, Vip 20, pp. 5-20.
- Tajfel H., Turner J. (1986). The social identity theory of intergroup behavior . The psychology of intergroup relations. Chicago: Nelson-Hall, pp. 7-24.
- Tishkov V. A. (1997). Identichnost I kulturnye granisy. Identichnost I konflikt v postsovetskih gosudarstvah Identity and cultural boundaries. Identity and conflict in post-Soviet States. [Identity and cultural boundaries. Identity and conflict in post-Soviet States]. Moskva, p. 28.
- Tishkov V. A. (2003). Rekviem po etnosu. Issledovanie po sosialno-kulturnoi antropologii [Requiem for ethnus. Research on socio-cultural anthropology]. Moskva: Nauka, 544 p.
- Shaikelev M. S. (2013). Kazakh identichnost [Kazakh identity]. Pod obch. red. Z. K. Shaukenova. Almaty: Institut philosophy, politologii i religovedenitue, MON RK, 272 p.
- Sherkovin Yu. (1982). Problema scennostnyh orientascii i massovye informasyonnye prossesy [The problem of value orientations and mass information processes]. Psychologiceski jurnal. № 3. 137 p.
- Furnham F., Bochner C. (1986). Culture Shock: Psychological Reaction to Unfamiliar Environments. London, UK: Methuen.

МАЗМУНЫ – CONTENTS – СОДЕРЖАНИЕ

<i>Fabio L. Grassi</i>	
Italy's Intervention To Wwi. The «Home Front» and the Psychological Heritage.....	4
<i>Khalil Kohi, Shirali Samimi</i>	
Cultural and economic challenges on the way of youths of Islamic countries	12
<i>Mehmet Shahingoz, Akhantaeva A.</i>	
Some Aspects of the «Basmachi» Movement and the Role of Enver Pasha in Turkestan.....	24
<i>Niccolò Pianciola, Zharassov A.</i>	
Elusive Rebels: Researching the Uprisings on the Eve of the Great Famine in Kazakhstan (1929-1931).....	34
<i>Zhakisheva S., Vladimirov V.</i>	
Methodological Basis of Historical Research in an Interdisciplinary Context	44
<i>Тадышиева Н., Ногайбаева М.</i>	
Түркі халықтарының дүниетанымындағы әлем бейнесі: Алтай аңыздары мен батырлар жыры негізінде	56
<i>Ұрығымыл</i>	
Музейлік этнография және Қазақстандағы мәдени құндылықтар (Алматы қаласындағы этнографиялық жұмыстардың негізінде)	68
<i>Mukhatova O., Tleubekova G.</i>	
Enlightening activities of the tsarist government in semirechye in the early XX th century (According to the Documents from the Fund of the Head of the Semirechye Region's Resettlement Administration).....	75
<i>Zharkynbayeva R., Zhunisbayeva A.</i>	
War and Deportation: On the Issue Of Resettlement and the Fate Of Korean Settlers.....	86
<i>Mukhazhanova T., Sabdenova G., Baigunakov D.</i>	
Some historiographic problems of the Hungarian history (in the context of Turkic ethnic culture).....	94
<i>Aidarkhanova E.</i>	
The Importance of Energy Cooperation Between Kazakhstan And Russia Within the Framework of the Eurasian Economic Union (EAEU)	102
<i>Azmukhanova A., Aitmagambetov D.</i>	
Kazakhstan-European cultural contacts.....	109
<i>Abnassyrov D.</i>	
The Meaning of the Word Kazakh in Foreign Sources.....	121
<i>Жұмағұлов К., Қартабаева Е.</i>	
Қазақстандағы модернизациялық үдерістердегі ислам дінінің рөлі.....	128
<i>Кәрібаев Б.</i>	
Алтын Орда дәуірінен қалған тарихи мәтелдер мен сөз тіркестері: мәні мен мазмұны	137
<i>Алтаев А., Айдарбекова Г.</i>	
Динамика численности населения Казахстана в целом и городского в частности.....	147
<i>Каримова А., Садыкова А.</i>	
Кооперативное движение в дореволюционном Казахстане: историографический аспект	158
<i>Аяпова Да., Үмітқалиев Ұ.</i>	
Археологиядағы эксперименттік зерттеулерді үйымдастыру және жүргізу	169
<i>Бексеитов Г., Имангалиева М. Курманиязов И.</i>	
Найдены каменных орудий в Северо-Восточном Приаралье и геолого-геоморфологические особенности их локализации	176
<i>Касенова А.</i>	
Изучение древних изваяний (зооморфных стел) и оленных камней Сарыарки	186
<i>Арынов Ж.</i>	
Отан тарихын дәуірлеу	193
<i>Бейсегулова А.</i>	
XXI ғасырдағы этникалық бірегейлікті зерттеудегі жаңа теориялар: сыртқы және ішкі бірегейлік теориясы	200

<i>Бахтыбаев М.</i>	
Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесінің Әулиеата уезінде атқарған зерттеулері	212
<i>Билялова Г.</i>	
Культурные связи населения Золотой Орды Степного Казахстана на примере браслетов с изображением львиных личин	227

Ғылыми өмір – Scientific life – Научная жизнь

<i>Байгұнаков Д.</i>	
Бибизия Кенжебекқызы Қалшабаева – 60 жаста.....	233
<i>Түрғынбаев Е.М.</i>	
Эдуард Уади Сайдтың «Ориентализм» еңбегінің қазақ тілінде шыққан (Алматы, 2019. Ұлттық аударма бюросы, аудармашылар Т. Мұхтаров, Қ. Аманжол) аудармасына пікір	236

<i>Italy's Intervention To Wwi. The «Home Front» and the Psychological Heritage.....</i>	4
<i>Khalil Kohi, Shirali Samimi</i>	
Cultural and economic challenges on the way of youths of Islamic countries	12
<i>Mehmet Shahingoz, Akhantaeva A.</i>	
Some Aspects of the «Basmachi» Movement and the Role of Enver Pasha in Turkestan.....	24
<i>Niccolò Pianciola, Zharassov A.</i>	
Elusive Rebels: Researching the Uprisings on the Eve of the Great Famine in Kazakhstan (1929-1931).....	34
<i>Zhakisheva S., Vladimirov V.</i>	
Methodological Basis of Historical Research in an Interdisciplinary Context	44
<i>Тадышиева Н., Ногайбаева М.</i>	
Тұркі халықтарының дүниетанымындағы әлем бейнесі: Алтай ақыздары мен батырлар жыры негізінде	56
<i>Ұрығымы</i>	
Музейлік этнография және Қазақстандағы мәдени құндылыктар (Алматы қаласындағы этнографиялық жұмыстардың негізінде)	68
<i>Mukhatova O., Tleubekova G.</i>	
Enlightening activities of the tsarist government in semirechye in the early XX th century (According to the Documents from the Fund of the Head of the Semirechye Region's Resettlement Administration).....	75
<i>Zharkynbayeva R., Zhunisbayeva A.</i>	
War and Deportation: On the Issue Of Resettlement and the Fate Of Korean Settlers.....	86
<i>Mukhazhanova T., Sabdenova G., Baigunakov D.</i>	
Some historiographic problems of the Hungarian history (in the context of Turkic ethnic culture).....	94
<i>Aidarkhanova E.</i>	
The Importance of Energy Cooperation Between Kazakhstan And Russia Within the Framework of the Eurasian Economic Union (EAEU)	102
<i>Azmukhanova A., Aitmagambetov D.</i>	
Kazakhstan-European cultural contacts.....	109
<i>Abnassyrov D.</i>	
The Meaning of the Word Kazakh in Foreign Sources	121
<i>Жұмагұлов Қ., Қартабаева Е.</i>	
Казақстандағы модернизациялық үдерістердегі ислам дінінің рөлі.....	128
<i>Кәрібаев Б.</i>	
Алтын Орда дәуірінен қалған тарихи мәтелдер мен сөз тіркестері: мәні мен мазмұны	137
<i>Алтаев А., Айдарбекова Г.</i>	
Динамика численности населения Казахстана в целом и городского в частности.....	147
<i>Каримова А., Садыкова А.</i>	
Кооперативное движение в дореволюционном Казахстане: историографический аспект	158
<i>Аяпова Да., Үмітқалиев Ұ.</i>	
Археологиядағы эксперименттік зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу	169
<i>Бексемитов Г., Имангалиева М., Курманиязов И.</i>	
Найдки каменных орудий в Северо-Восточном Приаралье и геолого-геоморфологические особенности их локализации	176
<i>Касенова А.</i>	
Изучение древних изваяний (зооморфных стел) и оленных камней Сарыарки.....	186
<i>Арынов Ж.</i>	
Отан тарихын дәуірлеу	193
<hr/>	
<i>Бейсегулова А.</i>	
XXI ғасырдағы этникалық бірегейлікті зерттеудегі жаңа теориялар: сыртқы және ішкі бірегейлік теориясы	200
<i>Бахтыбаев М.</i>	
Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесінің Әулиеата уезінде атқарған зерттеулері	212
<i>Билялова Г.</i>	
Культурные связи населения Золотой Орды Степного Казахстана на примере браслетов с изображением львиных личин	227

Фылыми өмір – Scientific life – Научная жизнь

<i>Байгунаков Д.</i> Бибизия Кенжебекқызы Қалшабаева – 60 жаста.....	233
<i>Түргынбаев Е.М.</i> Эдуард Уади Сайдтың «Ориентализм» еңбегінің қазақ тілінде шықкан (Алматы, 2019. Ұлттық аударма бюросы, аудармашылар Т. Мұхтаров, Қ. Аманжол) аудармасына пікір.....	236

